

Несмотря на всю свою противоречивость, именно инновации в образовании являются залогом успешного развития общества. Однако в погоне за новым, конечно же, нельзя отменить ценный опыт традиционного обучения. Разумное сочетание традиционных и инновационных образовательных технологий позволяет достичь должного уровня подготовки молодых специалистов в современных условиях.

Список литературы:

1. Антонова О. А. Формирование активной жизненной позиции у будущего педагога-психолога: автореф. – Казань, 2009.
2. Ганоусек Э. Социально психологический аспект формирования активной жизненной позиции молодого рабочего: автореф. – Москва, 1984.
3. Гордон Л. А. Социальная адаптация в современных условиях // Социс. – 2004. – № 8.
4. Игнатъев В. Реабилитация подростков в семейной воспитательной группе // Социальная работа. – № 1. – 2002.
5. Клименко Т. К. Традиции и инновации в педагогическом образовании. URL: www.uni-altai.ru/Journal/pedagog/pedagog_7/a05.html (дата обращения 08.02.13)
6. Хасия Т. В. Педагогические инновационные технологии в вузе [Текст] / Т. В. Хасия // Актуальные вопросы современной педагогики: материалы междунар. науч. конф. (г. Уфа, июнь 2011 г.). — Уфа: Лето, 2011. — С. 120-122.

Молдахметова Гаухар Молдабековна
ҚМПИ аға оқытушы,
пед. ғыл. магистрі
Қостанай қ-сы

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Мақала психологиялық пәндерді оқытуда жобалау іс-әрекетін қолдану тиімділігін, мүмкіндіктері мен практикалық маңызын қарастыруға арналған. Мақалада «жоба», «жобалау әдісі», «жобалау іс-әрекеті» ұғымдарының мәні ашылған. Сонымен қатар, автор жобалау іс-әрекетін қолдану ерекшеліктеріне сипаттама береді.

Түйінді сөздер: жоба, жобалау әдісі, жобалау іс-әрекеті.

АННОТАЦИЯ

Статья посвящена рассмотрению проблем эффективности, возможности, а также практическому применению проектной деятельности в преподавании психологических дисциплин. Раскрыты значения понятий «проект», «проектный метод», а также «проектная деятельность». Автором характеризуются основные особенности применения проектной деятельности в процессе обучения.

Ключевые слова: проект, проектный метод, проектная деятельность.

ABSTRACT

The article is dedicated to speculation of problems of efficiency, opportunity and practical usage of project working in teaching psychological subject. In the article discovered the meanings of notions «project», «project method» and «project work». The main feature of usage of project work in educating process characterized by the author.

Key words: project, project method, project work.

Қазіргі білім беру жүйесінде жүріп жатқан жаңашыл үрдістер болашақ мамандарда бәсекеге қабілеттілікті, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға, білім берудің практикалық бағыттылығын нығайтуға бағдарланған.

Бәсекеге қабілеттілік – еңбек нарығы талаптарына сай, өзгермелі жағдайларға бейім, табысқа жетуде әлеуетті мүмкіндіктерімен, өзіне сенімділігімен ерекшеленетін тұлға қабілеттері мен қасиеттерінің жиынтығы. Кәсіби құзыреттілік – маманның кәсіби іс-әрекетте туындайтын түрлі мәселелерді шешу кезіндегі білім, ептілік және дағдылары деңгейін, тәжірибесін бейнелейтін іскерлік және тұлғалық қасиеттерінің біріккен сипаты.

Болашақ мамандарда аталған кәсіби қасиеттерді тиімді қалыптастыру үшін білім беру үрдісінің барлық субъектілерінен өзара әрекеттесуді, белсенділікті, дербестілікті және оқыту барысында меңгерілетін білімдерді шынайы өмірге, тәжірибеге жақындастыруды талап ететін білім беру технологияларын қолдану қажет.

Студенттер қоғамдық мәні бар мәселелер туралы өз ұстанымын қалыптастыруды, коммуникативті қарым-қатынас жасау және кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігін дамытудың дағдыларын игеруі тиіс. Бұл мәселенің шешімін табуда жобалық іс-әрекеттің берері мол.

Жобалау мәселесіне отандық және шетелдік ғалымдар (Сарбасова Қ., Таубаева Ш.Т., Беркенова Г.С., Щедровицкий Г.П., Сидоренко В.Ф., Ляхов И.И. т.б.) баса мән беріп келеді.

Білім беру үдерісінде жобалап оқытудың әдістемелік аспектілері Н.Н.Нечаев, В.Д.Симоненко, Ю.В.Громыко, В.И.Слободчиков т.б. еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

И.А.Зимняя, В.В.Рубцов, В.Ф.Сидоренко, В.И.Слободчиков сынды ғалымдардың пікірінше, жобалық іс-әрекет негізінде оқыту қазіргі қоғамда, әсіресе білім беру жүйесінде қоршаған ортамен тиімді әрекеттесуге мол мүмкіндік беретін жобалық ойлауды қалыптастырудың ерекше тәсілі болып табылады.

«Жобалау іс-әрекеті» ұғымы ғылыми білім салалары мен ғылым әдіснамасы деңгейлері тұрғысынан әртүрлі сипатта қарастырылатын «жоба», «жобалау», «іс-әрекет» категорияларымен байланысты.

Жобалау әдісі – білім алушының біртіндеп күрделеніп отыратын практикалық тапсырмаларды – жобаны өз бетінше орындау барысында білім, дағдыларды меңгертуге мүмкіндік жасайтын оқыту жүйесі. Жобаны құру үдерісі жобалау деп аталады. Жоба – бұл білім алушылардың өз бетінше, оқытушы жетекшілігімен маңызды мәселенің практикалық және теориялық шешімін табу мақсатында орындалатын ізденуші, зерттеуші және т.б. жұмыс түрлерінің кешені [1].

Жобалау іс-әрекеті – белгілі бір оқу материалын меңгерту деңгейін арттыруға және оны тәжірибеде шығармашылықпен қолдануға, оқу-танымдық жобалық іс-әрекеттен дербес кәсіби іс-әрекетке бағдарлануға көмектеседі. Жобалау іс-әрекеті білім алушыларда өзін-өзі дамытуға және ұжымдық мақсат, міндеттерге жетуге деген ұмтылысты, ғылыми ізденімпаздықты қалыптастырады.

Жобалау іс-әрекеті құрылымындағы мақсат келесідей қызмет атқарады:

- қажетті нәтижені (жобаны) алуға бағыттайды;
- жобаны дайындау барысында әрекеттер мен операциялардың бірізділігін қамтамасыз етеді;
- алдын ала жасалған болжамдар мен қол жеткізген нәтижелерді салыстыру арқылы жасалған әрекеттер жемісін бағалауға мүмкіндік береді.

Г.М. Коджаспирова және А.Ю. Коджаспиров пікірінше жобалау әдісін оқыту жүйесі ретінде анықтауға болады, себебі студенттер білім және ептіліктерді біртіндеп күрделене түсетін практикалық тапсырмаларды жоспарлау және орындау үрдісінде меңгереді [2].

Жобалау іс-әрекеті оқу іс-әрекетінің бір түрі ретінде оқу үдерісін әрбір студент үшін маңызды етуге көмектеседі, студент өзінің шығармашылық әлеуетін толық ашуға, зерттеу қабілеттерін, белсенділігі мен дербестілігін көрсетуге мүмкіндік алады.

Жоба – біріншіден, белгілі бір тақырыпты едәуір терең әрі жан-жақты оқып-зерттеуге үйретеді; екіншіден, студенттерді мақсатты іс-әрекетке итермелейді, шығармашылық қабілеттерді, ойлауды, ғылыми сауатты және еркін сөйлеу дағдыларын дамытады; үшіншіден, ынтымақтастыққа үйретеді, бұл – болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындықты қамтамасыз етеді.

Жобалық іс-әрекет – білім алушыларда жобалық құзыреттіліктің және кәсіби маңызды қасиеттердің дамуын қамтамасыз етеді. Жобалық іс-әрекет оқу үрдісін ұйымдастырудың айрықша түрі, ол студенттердің қандай да бір мәселені өз бетінше, егжей-тегжейлі қарастырып, презентациялау көмегімен зерттеу нәтижелерін көрсетуді талап етеді [3].

Жобалау әдісін қолдану – болашақ мамандарды даярлауда оқытуға жүйелік-іс-әрекеттік бағытты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Студенттер әртүрлі пәндер бойынша меңгерген білім және ептіліктерін оқытудың түрлі кезеңдерінде қолдануға және оларды жобамен жұмыс жасауда біріктіруге мол мүмкіндік алады. Жобалау әдісі оқытудың өмірмен байланысын күшейтіп, белсенді ойлауды арттырады және танымдық қызығушылықты қалыптастырып, жаңа білімдер мен ептіліктерді игеруге жетелейді. Сонымен қатар, студенттердің кәсіби пәндер бойынша арнайы білімдерді меңгеру деңгейін арттыра түседі. Аталмыш әдіс оқыту үрдісінде дамып, қалыптасушы тұлғаның «өзін-өзі шығармашылық жағынан жүзеге асыруына» бағдарланған. Сондықтан, жобалау іс-әрекеті білім алушыларды шығармашылыққа жетелеп, кәсіби қабілеттерді дамытады, зерттеу тиянақтылығына, нақтылығына, ұқыптылығына машықтандырады, белсенді шығармашылық іс-әрекетке түрткілендіреді [2].

Болашақ психологтардың жобалық іс-әрекетінің жемісі нақты психологиялық мәселені (психологиялық үрдістер, отбасылық қатынастар мәселелері, тұлғааралық қатынастар т.б.) шешуден көрінеді.

Оқу іс-әрекетінің түрі ретіндегі жоба былайша сипатталады:

- ізденуші, зерттеуші, шығармашылық сипаттағы жеке немесе топтық жұмыс;
- белгілі бір тақырып бойынша жүргізіледі;
- алуан түрлі ақпарат көздерін талап етеді;
- тақырыпты әртүрлі позицияда қарастыруға мүмкіндік береді, пәнаралық байланыстарды орнатады;
- жұмыс нәтижелері қорғалады;
- жұмыс міндетті түрде бағалау және өзіндік бағалаудан тұрады;
- білім алушы мен оқытушы арасында өзара байланыстар жүреді.

Білім алушылар жобалық іс-әрекетке қатысу барысында талдайды, салыстырады, зерттейді, тұжырымдайды, идея білдіреді, болжайды, ұсыныстар жасайды, тексереді, түзетеді, рәсімдейді, жобаны қорғайды.

Жоба оқытушының тікелей басқаруымен немесе бақылауымен орындалуы мүмкін. Алайда жоба дайындауда оқытушының қатаң нұсқауына, пікір, көзқарастарды қыстырмалауына жол берілмейді. Студенттің жобаны орындау кезеңінде жетекші тарапынан мониторинг және түзетулер ғана талап етіледі. Жобалық тапсырмаларды ұсыну кезінде студенттердің танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін, болашақ мамандардың біліктілік мінездемесін ескерген жөн. Кәсіби іс-әрекеттің пәндік спецификасын ескеру проблемалық жағдаятты тұжырымдауға және жобалық тапсырма түрін анықтауға жағдай жасайды. Жобалық тапсырмалар сипаты кеңінен түрлендіріліп отырады: проблемалық жағдаятты қою және оны шешу; теориялық зерттеу, студенттің психологиялық жағдаяттардың теориялық аспектілерін өз бетінше қарастыруы; практикалық зерттеу – шағын эксперименталды зерттеулерді жеке немесе топпен жүргізуден тұрады; диспут немесе пікірталас барысында зерттеуге алынған тақырып терең қарастырылып, ұғынуға, өз ұстанымын қорғауға мүмкіндік беретін проблемалық жағдаят шешіледі; шығармашылық тапсырмалар орындалады.

Жобаның дайындалған жүйесі мәселелерді шешуге қатысты қойылатын талаптарды біртіндеп күрделендіруді, студенттердің жобалау саласындағы қабілеттерін біртіндеп жете түсінуін көздейді.

Жеке шығармашылық жобаларды орындау білімді жетілдіру қажеттілігін тудырып, пәнге деген оқу мотивациясын арттырады. Жобалық тапсырмаларды орындау студентке болашақ кәсіби іс-әрекетке қызығушылықты оятып, мамандығына жауапкершілікпен қарауды қамтамасыз етеді.

Жобалау іс-әрекеті топтық жобаларды дайындауды да көздейді. Топ құрамы жобалық тапсырманың күрделілігі мен көлеміне қарай 2 немесе 10 адамнан құрылуы мүмкін. Топтық коммуникацияда топпен ынтымақтасу, тұлғааралық қарым-қатынас ережелерін орындау тәжірибесі қалыптасады, коммуникативті қабілеттердің дамуы артады.

Жобалаудың аталған түрлерін ойдағыдай, табысты орындау – жобалық іс-әрекеттің де, оқу үрдісінің де нәтижелілігін дәлелдейді. Жобалық іс-әрекеттің жағымды нәтижелеріне білім алушылардың жоғары мотивациясын және танымдық белсендігін, олардың дербестілігін, оқытылатын пәндердің сапалы меңгерілу мүмкіндігін, кәсіби білім, дағды және ептіліктерді, жобалық құзыреттілікті жатқызуға болады.

Психологиялық пәндерді, соның ішінде «Отбасы психотерапиясы», «Дефектология негіздері», «Медициналық психология», «Практикалық психология», «Мектеп психологы жұмысы», «Тұлғаның қазіргі теориялары» пәндерін оқытуда жобалық іс-әрекетті қолданудың маңызы зор. Мәселен, «Отбасы психотерапиясы» пәні бойынша «Отбасы мәселелерімен психотерапиялық жұмысты ұйымдастыру» тақырыбы әртүрлі теорияларды егжей-тегжейлі қарастыруды талап етеді. Бұл тақырып бір ғана сабақта қарастырылмайтын ауқымды мәселе болғандықтан, дәрістік және семинарлық сабақтарда қарастырылған соң, студенттер психотерапиялық жұмыс бағдарламасын құру үшін жоба дайындайды да оны қорытынды бақылауға дейін тапсырады.

Жобамен жұмыс жасау құрылымы келесідей құрылады:

Теориялық бөлімде психотерапиялық жұмыс жасауға негіздеме беріледі. Мәселенің жалпы сипаты толық баяндалады (мысалы, бала-ата-аналық қатынастар бойынша психотерапиялық жұмыс). Аталған мәселе бойынша диагностиканың, түзету немесе дамыту жұмыстарының сызбасы жасалып, мәселеге сәйкес әдістер мен әдістемелер, маманның мәселе бойынша жұмыс жасайтын әдебиеттер тізімі қарастырылады.

Практикалық бөлімде:

1. мәселені, проблемалық жағдаятты сипаттау, мәселені шешу үшін бірінші болжам жасау;

2. берілген жағдаятқа диагностикалық әдістерді, жеке-тұлғалық тәсілді негіздеу; алынған диагностикалық материалды интерпретациялау;

3. мәселе болжамын нақтылау және оны шешу жоспарын құру, аталмыш жағдаятта психологиялық көмек жүйесін (психотерапиялық жұмысты ұйымдастыру, кеңес беру) сипаттау:

- психотерапия, психологиялық көмек көрсетудің дағдыларын көрсету үшін атқарылған жұмыстарды, сондай-ақ өзіндік талдауды пікірмен бірге көрсету;

- психотерапиялық жұмыс дағдыларын көрсету үшін оны бейне таспаға түсіру, өзіндік талдаумен қатар пікірді (комментарий) беру.

4. Жүргізілген психологиялық жұмыс нәтижелерін баяндау, сыналушыларды одан әрі сүйемелдеу үшін ата-аналарға, педагогтарға ұсыныстар беру.

5. Аталған жағдаят (мәселе) бойынша психолог ретінде өзінің атқарған жұмысын рефлексиялау (жұмысқа қатысты жетістіктері мен сәтсіз сәттерін (қолынан не келді, не келмеді, нені жақсартуға болады, өзін-өзі түзету т.б.).

Жобалық іс-әрекет келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

Бірінші кезең – зерттеуші: студент шығармашылық жобаны жасауға, жүзеге асыруға және қорғауға қойылатын талаптарды қарастырады; «идея генераторлары» (әртүрлі идея ұсынады) тобы және «сарапшылар» (идеяларды сараптайды) тобы ұйымдастырылады. Бұл кезеңде жобалаушылар жұмыс жасайтын мәселеге шағын зерттеу жүргізіледі. Жоба тақырыбы өзекті мәселелер мен қажеттіліктер бойынша анықталады.

Екінші кезең – технологиялық: ғылыми әдебиеттерді талдау, жүргізілген зерттеу жұмыстары негізінде бағдарлама құрылады, онымен жұмыс жасау бағыттары, формалары, әдістері және жобаға қатысушылардың әрқайсысының атқаратын міндеті анықталады.

Аталған кезеңде жобаның мақсат, міндеттерін ұғыну; мақсатқа жету құралдарын таңдау; жобаны жүзеге асыруда кездесетін қиындықтарды түсіну; мәселені шешуде өзінің барлық мүмкіндіктерін, білім, білік, іскерліктерін көрсету; этикалық принциптерді сақтауды ұғыну маңызды болып табылады.

Жобаны орындау барысында жобаны жүзеге асыру кезеңдерінен өту ерекшеліктерін бейнелейтін қажетті құжаттамалар қолданылады. Құжаттаманы талдау – жобаны орындаудың жағымды және қиын тұстарын көруге, мәселе бойынша алдағы уақытта жасалатын жұмыстарды түзетуге көмектеседі.

Үшінші кезең – шығармашылық жобаны қорғау: жүзеге асырылған шығармашылық жобаны презентациялау, жобаны орындау кезіндегі жағымды және проблемалық тұстарды талқылау, жобалау іс-әрекетін қолдану бойынша ұсыныстар жасау [3;4].

Білім алушылар жобаны жасауда және жүзеге асыруда практикалық ойлау дағдыларын қалыптастырады, ізденеді, әртүрлі ақпараттарды талдайды, шешім қабылдайды, өз бетімен білім алады, тәжірибе жинақтайды, өзін-өзі жетілдіреді.

Жобалық іс-әрекетті оқыту үдерісінде қолдану аса маңызды, себебі ол студенттерге:

- табыстылық жағдаятын жасап, өзіндік бағалауын және өз мүмкіншіліктеріне сенімділігін арттырады;

- әрбір студенттің жеке қабілетін ашып, оның өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасайды; рефлексивті қалыптасуына мүмкіндік береді, өзінің қызығушылықтарын, бейімділіктерін, қажеттіліктерін талдау, оларды өзінің мүмкіншіліктерімен салыстыру икемділіктерін қалыптастырады;

- өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыстарды арттырады; өзінің алға жылжуына, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Оқытушыларға:

- студенттерден пән бойынша білімдердің қалыптасуы үрдісін көріп, мақсатты әрі дер кезінде түзетулер енгізуін қамтамасыз етеді;

- студенттердің кәсіби білім, дағды, біліктеріне баға беруге мүмкіндік жасайды;

- шын жағдаяттар тұрғысынан академиялық теорияны көрсетуге көмектеседі, білім, дағдыларды белсенді меңгертуге, ақпаратты өңдеуге және талдауға жағдай тудырады;

- әрбір сабақтың соңынан практикалық нәтижені көруге болады, яғни студенттер білімді дербес ұғынады, сын тұрғысында ой қозғайды, материалды түсініп, меңгереді.

Жобалық әдіс негізінде «жоба» ұғымының мәнін құрайтын идея, нәтижеге прагматикалық бағытталу жатыр. Бұл нәтижеге қол жеткізу үшін теориялық немесе практикалық мәселенің шешімін тауып, оған көз жеткізуге, ұғынуға, тәжірибеде қолдануға болады. Мұндай жетістіктерге жету үшін студенттерде өз бетінше ойлау, пайымдау, мәселенің шешімін табу, себептік байланыстарды анықтау ептіліктерін қалыптастыру қажет.

Жобалау әдісін қолдану білім алушылардың білімді өз бетінше іздеуіне және бұрын меңгерген білім, ептіліктерін қолдануға жағдай жасайды. Жобаны орындау барысында үлгі бойынша әрекеттер емес, ізденуші және зерттеу әрекеттері жасалады. Бұл жобалаудың мәселені талдау, талқылау, оны шешудің ұтымды жолдарын қарастыру, практикалық шешім қабылдау және оны жүзеге асыру үрдістерінен тұратындығымен байланысты.

Жобалау іс-әрекетінің артықшылықтары мен қолдану тиімділігі оның келесі қызметтік сипаттамаларын ашады:

- жаңа материалды оқып-зерттеуде пәнге, жалпы оқыту үрдісіне қызығушылықты арттырады;

- білімдерді бекіту кезінде кәсіби іс-әрекеттің сыр-сипатын ашып, студенттердің өткен материал бойынша ақыл-ой іс-әрекетін жандандырады;

- білім алушылардың оқу мотивациясын арттырады.

Қорыта айтқанда, жобалау іс-әрекетінің инновациялық қоры мол тиімді технология, ол білім алушылардың өз бетінше жұмыс жасау деңгейін, ізденімпаздығын, ғылыми ойлаудың дамуын арттырады. Жобалау іс-әрекетін орындауда студенттер қоғамдық мәні бар

мәселелер туралы өз ұстанымын қалыптастыруды, кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігін дамыту дағдыларын меңгереді.

Әдебиет тізімі:

1. Беркенова Г.С. Қазіргі білім беру технологиялары. Оқу құралы. – Қостанай, 2012 ж. – 88 б.
2. Павлова В.С. Инновационный потенциал проектной технологии в системе профессиональной подготовки бакалавров // Вестник Кемеровского государственного университета 2015 №2 (62) Т.3
3. Околелов О. Новые образовательные технологий в вузе // Педагогика. – 2000. № 6. – С. 124-126.
4. Гушин Ю.В. Интерактивные методы обучения в высшей школе // Психологический журнал. – 2012. - №2, с-1-18.

Муканова Жанерке Жандаровна

Алматы қаласы химия- биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы

ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ҮРДІСІН ЖАҚСARTУДАҒЫ КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ӘСЕРІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада автор мұғалімге қазіргі оқу мен оқыту үдерісінде неге көңіл бөлу, нені ескеру керектігін айтып, кері байланыстың сабақ үдерісін жақсартудағы рөліне тоқталады. Кері байланыстың ескеру керек ерекшеліктерін атап өтеді. Кері байланыстың түрлеріне тоқтала отырып, оның тиімді түрлерін өз тәжірибесінен ұсынады.

Түйінді сөздер: *Тиімді оқу мен оқыту, кері байланыс, функционалдық сауаттылық, ерекшеліктері, тәжірибе*

АННОТАЦИЯ

Автор статьи обращает внимание читателей на роль обратной связи в процессе обучения. Она подчеркивает, что нужно применять различные виды обратной связи и приводит примеры из своей практики.

Ключевые слова: *Эффективное обучение, обратная связь, функциональная грамотность, особенности, опыт*

ABSTRACT

In this article, author implies what should be paid attention in the process of comprehensive teaching and training and focuses on the role of giving feedback as the tool to improve the learning process. And stresses the need to take into account the peculiarities of giving feedback. At the end the author concludes with the types of feedback and shares its effective ways from her own experience.

Key words: *Effective teaching, Feedback, functional literacy, features, an experience*

Білім беру үдерісіндегі жаңартылған оқу бағдарламасын ендірудің тиімділігі қазіргі қоғамда болып жатқан елеулі өзгерістер мектеп жайында білім берудің қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарға сын көзбен саралай отырып бағалауды, оқушылардың іздену қабілетін дамытуды талап етеді.

Қазіргі таңда оқушылардың көпшілігі, мектепте алған білімдерін өмірде қолдана алмайды. Сондықтан, қазіргі қоғамға сай функционалды сауатты етіп өсіруіміз керек. Функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, тұлғасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан